

*Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ*

*Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында өткізілген қайырымдылық апталығы бойынша АНЫҚТАМА*

*10.10.2025ж.*


01.08.2025 – 30.09.2025 күндері аралығында өткен «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында мектепте 2025 жылдың қыркүйек айында **қайырымдылық апталығы ұйымдастырылды.**


Іс-шара оқушыларды ізгілікке, жомарттыққа, бір -біріне жанашыр болуға және әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеуді мақсат етті.


Бұл іс-шара қамқоршылық кеңестің бастамасымен және педагогикалық ұжым мен ата-аналардың қолдауымен өткізілді.

**Қабылданатын заттар:**

 оқу құралдары

 кітаптар

 қолөнер бұйымдары

 тұрмыстық қажетті заттар

**✗ Тамақ өнімдерін әкелуге болмайды!**

**✗ Қолданылған заттар қабылданбайды!**

**!!Жиналған заттар аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға заттай беріледі деген хабарландырумен апталыққа мектеп бойынша әр сынып белсене қатысты.**





«Мектепке жол» акциясы аясындағы өткен қайырымдылық апталығы әр сыныптың оқушылары өз үлестерін қосып, бір-бір заттан (қалам, дәптер, өшіргіш, киім кешек, тұрмыстық заттар т.б) жинап, әлеуметтік педагогке өткізді. Әлеуметтік педагог сынып жетекшілерімен бірлесе отырып әр сынып бойынша анықталған жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды анықтап, апталық барысында жинақталған заттарды көмекке мұқтаж оқушыларға табыстады.

Ата-аналар, оқушылар мен мектеп ұжымы белсенді қатысып, бірлесе отырып, ортақ игі іске атсалысты.

Жалпы оқу жылы басында басталатын дәстүрге айналған «**Мектепке жол**» республикалық акциясы аясында өткізілетін «*Қайырымдылық апталағы*», «*Қайырымдылық жәрмеңкесі*», «*Қайырымдылық концерті*» секілді іс - шаралар жыл бойы жүзеге асады.

**Әлеуметтік педагог:** *Кулжабекова Сая Ондасыновна*  
87767061181